

А.Ш. Журасова* 

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті

Орал қ., 090000, Қазақстан Республикасы

*e-mail: azhurasova@mail.ru

ОРАЛ ОБЛЫСЫНДАҒЫ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ ІСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫНАН (XIX ғ. екінші жартысы мен XX ғ.басы)

Аңдатпа.

Білім беру ісі қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандырушы әлеуметтік институт болып табылады. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғ. басындағы өнеркәсіптің өсуі білім беруде практикалық кәсіби дағдыны игерген мамандарды қажет етті. Осыған орай мақалада Орал өңірінде қазан төңкерісіне дейінгі кезеңдегі кәсіптік білім беру ісінің қалыптасу барысы қарастырылады. Мақалада негізі көңіл 1860-1915 жылдар аралығындағы кәсіптік білім беру жүйесінің, оның алғашқы түрлері реальды училище, төменгі ауылшаруашылық мектептері, қолөнер мектептері, оқытушылар семинариясының қалыптасуы мен даму мәселелеріне аударылады. Себебі бұл кезең кең байтақ Қазақстанның патшалы Ресеймен шектес бөлігінде экономикалық және қоғамдық өмірге тән даму үдерісіне сай кәсіптік білім беру ісінің негізінің қалану уақыты болып табылды. Осыған орай мақалада алғашқы кәсіптік білімге бағытталған оқу орындарының ашылуы мен даму тарихы, мәселеге қатысты зерттеу еңбектерінің деңгейі, алғашқы оқу орындарына қатысты жалпыимпериялық заңдар мен ережелердің таралу жағдайы қарастырылады.

Мақала мақсаты Ресей империясына тәуелділік кезеңіндегі Қазақстанның Ресеймен шектес аймағы ретіндегі Орал облысындағы алғашқы кәсіби білімнің негізінің қалануы, оның алғышарттары мен ғасырлар тоғысындағы даму жағдайын, оның тиімді және тиімсіз тұстарын қарастыру болып табылады.

Негізгі сөздер. Кәсіптік білім, реальды училище, гимназия, қолөнер, шеберхана, семинария.

Кіріспе.

XIX ғасырдағы патшалы Ресейдің жүргізген реформалары Қазақстанды отарлық қыспақта ұстаудың жаңа жүйесін қалыптастыра отырып, экономикалық-саяси мәселелермен қатар білім беру саласы да отарлық саясат шеңберімен шектелгенін бірқатар мұрағаттық деректер мен зерттеу материалдардан байқауымызға болады. Көпшілік зерттеулерде біз қарастырып отырған мәселе жан-жақты талқыланды, жалпы көрсеткіштер ауқымында көрініс алған. Кәсіптік білім беруі ісінің қалыптасуы жеке зерттеу мәселесі ретінде қарастырылмаған, мектеп ісіне қатысты зерттеулерде Батыс өңірдегі кәсіптік білім беру ісінің тарихы қамтылмай қалған. Сондықтан Ресей империясына таяу орналасқан, әрі патша үкіметінің нұсқаулары бірінші қамтитын аймақ ретіндегі Орал облысындағы ғасырлар тоғысындағы білім беру жүйесінің құрамдас бөлігі ретіндегі кәсіптік білім беру ісінің қалыптасу жолын зерттеу өзекті мәселенің бірі, әрі кәсіптік білім беру ісінің тарихын толықтырушы зерттеу болып табылады. Бір өкініштісі Қазақстандағы білім беру ісінің заңдылығын зерттеуге арналған еңбектері өте аз. Революцияға дейінгі кезеңдердегі әдеби декреттерге келсек, өңірдің жеке округтары мен әкімшілік аудандарындағы мектеп ісі туралы құнды шолулар А.Е.Алекторов, С.М.Громеницкий, И.А.Аюпов, Н.П.Остроумов, А.В.Васильев т.б.еңбектерінде беріледі. И.А.Аноповтың «Опыт систематического обозрения материалов и изучению современного состояния среднего и низкого технического и ремесленного образования в России» (Санкт-Петербург, 1889) еңбегінде Қазақстандағы кәсіптік-техникалық білім беру туралы кейбір мәліметтер кездеседі.

Бұл авторлар Қазақстандағы халыққа білім беру және мектеп ісін патшалықтың орталық мүдделері тұрғысынан және миссионерлік позициядан зерттеумен айналысты. Өйткені бір жағынан, бұлар патша үкіметінің орыстандыру саясатын жүргізушілер болса,

екінші, жағынан өздері өмір сүріп отырған қоғамның саяси талабынан, яғни басқа халықтарға төмен нәсілділер ретінде қарау ниетінен шыға алады.

Революцияға дейінгі Қазақстандағы мектеп ісінің тарихы мен педагогикалық ой советтік педагогикалық-тарихи әдебиеттерде де көрініс тапты. Қазақстандағы халыққа білім беру мен мектеп ісі туралы арнайы зерттеулер Т.Тәжібаевтың, А.Сембаевтың, А.Сыдықовтың тарихи педагогикалық еңбектерінде көрсетілген. Бірақ бұл еңбектерде мектеп ісінің тарихы баяндалады да, кәсіптік білім беру ісі кеңінен ашылмайды. Сондықтан да бұл мәселе арнайы зерттеуді қажет етеді және де бұл тақырып үлкен ғылыми-теориялық қызығушылық туғызады деп есептеуге болады.

Зерттеу материалдары мен әдістері.

Еңбектің негізгі дерек базасы Қазақстан Республикасы Орталық мұрағаты мен Орынбор облыстық архивінің материалдары. Бұл мұрағаттардағы Орал облысының басқармасы, Орал казак әскері, Орынбор қырғыз оқытушылар мектебі, Орал оқытушылар семинариясы, Торғай-Орал аудандарының басқарушысының мәліметтері туралы қорлар, ондағы инспекторлардың оқу орындарының жұмысы туралы есептері қаралып, тарихи талдау жасалды.

Сонымен қатар Қазақстанның маңызды аймағының бірі ретіндегі Орал облысының XIX ғасырдың соңғы ширегі мен XX ғ. басындағы кәсіптік білім беру ісінің жағдайын зерттеу үшін Қазақстандағы мектеп ісі, білім беру ісінің тарихына қатысты Т.Тәжібаевтың [6], А.Сембаевтың [13], А.Сыдықовтың [14] еңбектеріндегі ақпараттар да салыстырмалы әдіс арқылы талданып, қолданылды.

Тұтастай алғанда зерттеу барысында тарих ғылымында қолданылатын тарихи құжаттарды талдау мен салыстыру, статистикалық әдістері қолданылды. Статистикалық әдіс Орал облысындағы кәсіптік білімнің даму барысын талдауға, тарихи талдау мен салыстыру әдісі мәселеге қатысты зерттеулердегі ақпараттар мен мұрағат материалдарынан қорытынды жасауға мүмкіндік берді.

Нәтижелер мен оларды талдау.

Ресей үкіметі өзінің отарлық саясатында экономикалық-саяси мәселелерді шешу білім беру ісімен қатар жүргізілуі қажет екенін мойындай отырып, білім беру ісінің негізгі бағыттарын анықтайды. Ол негізінен екі кезеңнен тұрды, біріншісі, орыс тілінде білім беретін мектеп ісін дамыту болса, екіншісі XIX ғасырдың 60-жылдарындағы реформалардан кейінгі өзгерістерден басталды. Қазақстанда халыққа білім берудің басты бағыттары 1867 ж. «Орал, Семей, Торғай, Ақмола және Сырдария, Жетісу облыстарын басқару туралы «Уақытша Ережеде» анықталды. Орал, Торғай, Ақмола, Семей облыстарын басқару туралы «Уақытша Ережеде» Қазақстанда ағарту ісін дамытудың негізгі принциптері көрсетілген. «Уақытша Ереженің» VII тарауы Ақмола, Семей, Торғай, Орал облыстарындағы қазақ халқына арнап мектеп ашу тәртібін көрсетіп берді. Оның 262-пунктінде «Әрбір дала өлкесінде алғашқы білім беру үшін әрбір уезд басқармасында қандай ұлтқа жататынына қарамастан баріне ортақ бір үкімет мектебін ашу керек деп көрсетілген [1]. Бірақ патша үкіметінің қазақтарға білім берудегі орыстандыру саясаты тек орыс-қазақ мектептерімен ғана шектеліп қалған жоқ, экономикалық дамудың қажеттілігіне орай орта және кәсіптік білім беру ісі де қолға алына бастайды.

Жалпы облыстағы оқу орындарын алғанда XIX ғасырдың ортасына дейін оқу-ағарту жұмысы төмен дәрежеде болып келді. XIX ғасырдың басында Дала өлкесінің генерал-губернаторы мемлекеттік мектептер, онда да барлық халық үшін емес, тек әскери өкілдің балалары үшін ашу мәселесін қоюына баайланысты Оралда 1812 жылы Халық Ағарту Министрі граф Разумовскийдің рұқсатымен алғашқы училище ашылады, бірақ ол Қазан оқу округына қарады. Бұл 1857 жылға дейін Орал әскеріндегі жалғыз ғана оқу орны болды.

Өнеркәсіп пен сауданың өсуі, 1861 ж. реформадан кейін Ресейде қалалардың даму мәдениеті орталықпен қатар шет аймақтарда да өсуімен қатар жүрді. 1870 ж. осы әскери

училище классикалық гимназия болып қайта құрылады, онда 1871 ж. 200 оқушы болды, ал 1-дәрежелі әйелдер гимназиясында 69 оқушы оқыды. Өздерінің таптық мүдделерін ескере отырып, казактар, чиновниктер мен көпестер Орал ерлер гимназиясында қазақ тілін оқыту мәселесін қояды. Бұл мәселе сол кезеңде «Уральское войсковое ведомство» беттерінде талқыланып, чиновниктердің бірі бұл мәселе туралы: «Орал гимназиясында қазақ тілін оқытудың пайдасын дәлелдеу үшін мен, қырғыздардың біздің көршіміз болуына орай біздің әскерімізде барлық сауда қазақтармен жүреді, ал қырғыз тілімен таныс болмай сауданы сәтті жүргізу мүмкін емес. Сонымен қатар Орал облысы тек егіншілікпен ғана емес, мал шаруашылығымен де айналысады. Малшылар мен мал өнімін өндірушілерді айтпағанның өзінде олардағы жұмысшылардың өзі қырғыздар екенін көрсетуім керек болды...» – дей отырып, сауда, шаруашылықты жүргізу үшін де жергілікті тілді білудің қажеттігін де атап өтеді [2]. Өйткені қазақ даласында жұмыс жасау үшін тіл білмейтін жергілікті халықпен байланысқа түсу орыс чиновниктері үшін қиынға соқты. Ал орыс тілін білетіндер санаулы болды, себебі сауаттылық билеуші топтардың өзіндік артықшылығы болды.

Шынында да гимназияның оқушылары негізінен казак және көпес балалары болды, олардың саны XIX ғ. 90-жылдарының аяғына қарай сауда байланыстарының кеңеюімен және қалада көпестердің көбеюімен қатар өсіп отырды. Орал әскери гимназиясының оқу барысының жағдайы жөнінде князь Голицын 1882 ж. өз мәліметінде: 1870 жылдан 1883 жылға дейін, 12 жыл ішінде гимназияға 625 ұл бала түскен, орташа есеппен жылына 52 оқушы түсіп отырған. Бірақ 1870-1882 жж. арасында толық курсты аяқтамай 392 оқушы яғни орташа есеппен барлық оқушының 15,5%, жылына 30 адам шығып кетіп отырды. 8 жыл ішінде толық курсты аяқтаған 44 адам, оның 35-і әскери өкілдің, 9 басқа қалалық балалар болды. Жалпы жылына орташа 5 адам ғана бітіріп отырған» дей отырып, осы цифрларға қарай әскери губернатор: «Жыл сайын гимназияны ұстауға 30000 сом ақша бөлінеді, әрі толық курсты бітіретін әрбір оқушыға 6000 сом ақша бөлінеді, аяқтамай шығып кетушінің 85% немесе 330 оқушы төртінші кластан әрі оқымайды. Сондықтан олар қызметке келгенде даярлықтары төмен күйде болады. Оларға жұмсалған ақша бос далаға кетуде. Себебі, әскери адамдар өздерінің арнайы бекітілген әскери қызметтері бар болғандықтан жоғары білімді, сондай-ақ гимназияның толық курсын аяқтауды қажет деп есептемейді. Осыған байланысты, әрі Орал казак әскерінің финанс қаражатының шектеулігіне байланысты әскери губернатор классикалық гимназия қажет емес, оның орнына жергілікті халықтың қажетін өтейтін басқа оқу орынын алмастыру керек» деп қорытындылаған [3].

Голицын ойын қуаттай отырып Орынбор округының қамқоршысы Х.П. Сольский 1883 жылдың 19 қарашадағы халық ағарту министрі И.Д. Деляковке хатында: «Балықшылық пен мал шаруашылығымен күн көрген әскери халық енді егіншілік еңбегіндегі айқын жетістіктерді ескере отырып Орал қоғамы агрономиялық бөлімдері бар, қолөнері бөлімдері бар, 3 жоғарғы класы бар реалды училищені мемлекет қазынасы есебінен ашуды қалайды» – деп жазады [4].

Сонымен қатар князь Сольский гимназияның тигізіп отырған пайдасы туралы: «осы жылдарда аз нәтиже бергенімен, өнеркәсіп пен білім орталықтары Орал облысынан алыс болғанына қарамастан гимназия арқасында казак өкілдері әртүрлі мамандықтағы білімді адамдарға ие болды. Сонымен қатар халықты білімге тартуда да оның өзіндік үлесі болды. Казактар бір жағынан өз балаларына білім беруде уақыт пен материалдық қаржы аз жұмсалатын өндіріске офицер шенінде бара алатындай дәрежеге жеткізетін училищені жеткілікті деп есептесе, екінші жағынан, гимназия білімінің артықшылығын біле отырып, өздерінің кедейлігіне байланысты өз балаларын басқа жерлердегі гимназияға жіберуге жағдайлары көтермеді. Сондықтан Орал облысындағы жалғыз ғана мектеп-гимназияны жабу аймақ үшін үлкен зиян болар еді» - дей келе, Орынбор оқу округының қамқоршысы

классикалық гимназияны сақтап қалумен қатар Оралда жергілікті халықтың мұқтажын өтейтін реалдық қалалық училище ашуды ұсынады [4].

Бірақ гимназияны сақтап қалу, оны басқа оқу орнымен алмастыру мәселесі аяғына дейін жетпей біраз уақыт үнсіз қалды. Тек 1886 жылы Шиповтың есебінде бұл мәселе қайта қозғалады. Онда: «классикалық гимназия өлке қажетіне сәйкес келмейді және өз нәтижелері бойынша оны ұстауға әскер жұмсап отырған қаражатты ақтай алмайды. Халық классикалық білімінің экономикалық өмірге тигізер пайдасын көре алмай отыр, сондықтан Орал облысы на әрі ауыл шаруашылығы, мал шаруашылығы, орманшылыққа байланысты практикалық қызметкерлерді даярлайтын оқу орнын қажет етеді. Мұндай оқу орны ерекше типтегі реалдық училище болуы мүмкін» деп оқу комиссиясына ұсыныс жасайды.

Генерал Шиповтың бұл мәлімдемесі мен ұсынысына орай комиссия Орал әскері үшін арналған оқу орны мына төмендегі шарттарға сай болуы керек деген қорытынды шығарады:

1. Оқу орны оқушыларға толық аяқталған орта білім беріп, олардың жоғары арнайы оқу орнына түсуіне жол ашуы керек;

2. Оқу орнын бітірген соң өнеркәсіптің әртүрлі салаларыда өз білімін нақты қолдану үшін оқушылар Орал әскерінің өнеркәсіптерінің әртүрлі салаларында практикалық және техникалық танымын жүзеге асыруы керек [3. – 27].

Осының бәрін ескере келіп комиссия классикалық гимназия орнына жеті класты ауылшаруашылық, техникалық бөлімдері бар реалды училище ашуға ұйғарым жасайды. Комиссия пікірінше оқушылардың практикалық сабақтары әскери хуторларда өтуге тиісті болды. Жергілікті халықтың жағдайын ескеріп, генерал Шипов бұл реалдық училищеге Орал облысының қазақ халқының балаларының түсуіне де, ол үшін ең алдымен қазақ балалары Орал мен Гурьевтегі орыс-қазақ училищені бітіру керек деп көрсетіледі.

Қазан төңкерісіне дейін Орал облысында жұмыс істеген статистикалық комитетке әртүрлі оқу орындарынан мәліметтер беріліп отырды. Мысалы, 1820 нөмірімен Орал реалды училищесі 1909-1911 жж. мынадай мәлімет берген: Реалды училищедегі жалпы оқушы саны-492, оның ішінде әскери балалары - 310, басқа қалалалықтар -163, қазақтар -19. Олар діни сенімі бойынша: Православие дініндегілер-196, Лютерандар - 4, будистер - 12, мұсылмандар- 23, ескі дәстүрді ұстаушылар - 67, католиктер-3 және шыққан тегіне қарай: дворяндар - 40, дін басылар - 1, құрметті азаматтар - 21, көпестер - 49, цехшылар - 1, казактар - 310, шаруалар - 51, қазақтар - 19 болған [5].

Бұл цифрларға қарасақ, 1900 жылмен салыстырғанда қазақтардың реалды училищеге келуі біраз өскенін көруге болады. 1900 жылы бұл училищеде бірде –бір қазақ баласы болмаған болса, 1909 жылы 19 қазақ баласы болған. 1910 жылы Орал реалды училищесін бітірген Б.Б.Бийсенев, Г.К.Исенғұлов, И.Ш.Шұғылов және т.б. болды, олар училищені аяқтағаннан кейін Саратов университетіне түскен.

Реалды училищемен қатар Оралда 1877 жылы ашылған қыздар училищесі қайта құрылып, 1 дәрежелі қыздар гимназиясы болды.

1890 жылы қыздар гимназиясында 150 оқушы оқыған болса, 1900 жылы онда 375-казак, 175-басқа қалалық, 2-қазақ қызы оқыған [5]. Бұл училищелерге түсу үшін қазақ-орыс мектептерінен алдын ала білім алып келуі керек деген ұсыныс жасалды.

Осы кезеңнен бастап орыс емес халықтарға білім беру, олардың арасында орыс білімін тарату мәселесі кеңінен қойыла бастады. Сол кездегі Ағарту саласының қызметкерлерінің бірі М.Мироппиевтің «бұратаналарға білім беру туралы мәселе біздің орасан зор халқымыздың 30% құрайды» деген пікірін қолдаған генерал Шипов бұратана халықтардың бірі ретінде саналған қазақ халқының балаларын реалды училищеге көбірек тарту үшін Оралда 20 балаға арналған жатақхана салуды, оған қаржыны реалдық училище арқылы алуға ұсыныс жасады [6].

Генерал Шиповтың бұл ұсыныстары 1889жылы 30 қарашадағы Ерекше мәжілісте каралып,оның шешімі 1890 жылы 29 мамырдағы III Александрдың қолдауымен Мемлекеттік Кеңесте бекітілді.

Сөйтіп Мемлекеттік Кеңестіңшешімі бойынша:

а/1890-91 оқу жылынан бастап Орал әскери гимназиясы алты класты реалды училищеге айналдырылуы және де жыл сайын гимназияның бір класын жауып,реалды училищенің бір класын ашып отыру керек;

б/1894жылдың 1 маусымнан бастап Оралда ауыл шаруашылық техникалық училищесін ашу керек»-деп көрсетіледі.

1821-нөмірмен берілген статистикалық мәліметке сүйенсек, 1911жылы қыздар гимназиясындағы жалпы оқушы саны – 560 болған.Оның ішінде әскери өкілдің қыздары - 356, басқа халықтар - 202, қазақ қызы - 2 болды [5. – 78].

Жалпы XIX ғасырдың аяғында кәсіптік білім беру Орал облысының көптеген білім беру мекемелерінің білім беру бағдарламасының құрамдас бөлімі ретінде ене бастайды. Орыс тілінде білім берумен қатар оқушылардың бойында кәсіптік дағды қалыптастыру үшін 1890 жылдан бастап оқу министрлігі орыс-қазақ мектептерінің жанынан қолөнер бөлімдерін аша бастайды. Ал 1895 жылы оқу министрлігі арнайы қолөнершілер мектебін ашу, оны кәсіптік бағдар беретін мектепке айналдыру мақсатында Орал қаласындағы орыс-қазақ училищесін қолөнерші мектебі етіп, 1896 жылы 1 маусымнан бастап қайта құруға және мектеп жанынан 35 қазақ баласына арнайы жатақхана ашуға шешім қабылдады.Сөйтіп алғашқы арнаулы қолөнер мектебі ретінде Орал қолөнерші оқушылардың мектебі 1896 жылы ашылады.

Алғашқыда бұл мектепте 210 оқушы оқыды,жатақханада 36 қазақ, 2 орыс баласы тұрды.Мектеп жанында ұсталық және қайыс бұйымдар мен етікшілік бөлімдері болды.Оқу мерзімі-3 жыл болды. Мектептердегі оқушылар мен оқытушылардың жұмысын қолдану үшін жақсы қолөнер бұйымдарынан кәсіптік-педагогикалық көрмелер ұйымдастырылып отырды.

Мысалы, 1898 жылы Орынбор оқу округінде болған осындай көрмеге 194 училище қатысқан соның 12-сі Торғай облысының, 3-і Орал облысының орыс-қазақ мектептері болды. Осы көрмеге қойылған жақсы бұйымдарға5 медаль берілген оның 3-ін орыс-қазақ мектептері иеленген,ал оның ішіндегі үш күміс медальдің біреуін Оралқолөнерші оқушылар мектебі алған. Жалпы XX ғ. басында Қазақстанда екі қолөнершілер училищесі болған, оның бірі Торғай қолөнер училищесі, екіншісі Оралдағы қолөнерші оқушылар мектебі болды.

1910 жылы 10 желтоқсандағы статистикалық комитетке түскен №730 мәлімдемеде Орал қолөнерші оқушылар мектебіндегі жалпы оқушы саны-91болды. Оқушылардың ішіндегі әскери өкілдің балалары-7, басқа қалалықтар-61, қазақтар-23 болды. 23 оқушы жатақханада, 66-сы ата-аналары мен туысқандарында тұрды. Әр оқушыға жылына 6 сом төленді [5. – 79].

Пансион жыл сайын 36 қазақ баласына 4005сом қаржы жұмсап тұрды.Бұл мектепті бітірушілер шебердің жәрдемшісі, яғни 149 адам олардың ішінде ұсталық мамандығы бойынша -77, ағаш шеберлігі-34, етікшілік-23, қайыс бұйымдарын жасаушы-145 бітірді. Ұлты жағынан 149 бітірушінің 99-ы орыс, 50-і қазақ, бітірген орыстардың 50%-тен астамы өз мамандықтары бойынша жұмыс істесе,қазақтардың 10%-не дейінгісі мектепте оқыған істерімен айналысты да, қалғандары аудармашы тілмаш, ауыл мұғалімдері болды, ауыл шаруашылығымен айналысты. Ал 1910 жылдың өзінде толық курсты 14 оқушы бітірген,оның 11 орыс, 3 қазақ болды, осы оқушылардың 11-і өз мамандықтары бойынша жұмыс жасаған.

Мектеп оқушылары оқу бағдарламасында бекітілген және арнайы берілген тапсырыстарды шеберханаларда орындалған. Осы мектепте қандай заттар жасалды екен? деген сұраққа жауап берер болсақ, 1910 жылы жасалған заттардың түрлері мынадай болған:

1. Ағаш шеберлер: әртүрлі шкафтар, орындақтар, жазу үстелі;
2. Ұсталар: балға, құлыптар, бұрғылар;
3. Қайыс бұйымдардан: делбелер, жүгендер;
4. Етікшілер: аяқ киім жасады.

Оқу бағдарламасы бойынша жасалған бұйымдарды сату арқылы мектеп шығындар орнын толтырып отырған. Осы жоғарыда жасалған заттардың ішіндегі оқу бағдарламасы бойынша жасалған 197 зат 417 сом 95 тиын кіріс ақша әкелген.

Ал 1916 жылы осындай бұйымдарды сатудан 980 сом 02 тиын кіріс түскен. Қолөнерші оқушылар мектебінен басқа Орал облысында жеке шеберлер мектебі болды [5. – 82].

1900 жылы 31 мамырда Ағарту министрі Богонепов оқу округінің қамқоршыларына жолдаған хатында экономикалық өмірде маманданған жұмысшылар мен қолөнершілерге үлкен сұраныс болып отырғанын атап көрсете келіп, жалпы білім беретін мектептер мен қолөнер бөлімдерін ашуды кеңейту шараларын қолдануға нұқсау берді. Осы кезеңде Қазақстанда қалыптасып келе жатқан кәсіптік мектептер үш типте болды.

1. Ауыл шаруашылығы мектептері.
2. Қолөнер мектептері.
3. Педагогикалық оқу орындары.

Жоғарыда біз 1894 ж. арнайы қаражаттың бөлінбеуіне байланысты ауыл шаруашылығы мектебін ашу жарлығының жүзеге аспай қалғанымен Қазақстанда ауыл шаруашылығының ілгері дамуына байланысты ауыл шаруашылық мектептері 1900 жылы Қазақстанның көптеген жерлерінде ашыла бастады. 1901 жылы Қазақстанда 13 төменгі ауыл шаруашылық мектептері болды, оның төртеуі-Ақмолада, 4-Семейде, 4-Жетісуда, 1-Орал облысында болды. Қазақ халқының егіншілікпен айналысуына байланысты XIX ғасырдың аяғында егіншілік Орал облысының Орал, Ілбішін, Темір уездерінің солтүстік-батысындағы қазақ халқының 66,9%-ын қамтыды. Егіншіліктің өсуімен жергілікті халықты агрономиялық біліммен қаруландыруға ұмтылыста байқала бастады. Қазақ халқының ағартушыларының бірі Ы.Алтынсарин 1888 жылы 25 қарашадағы Торғай облысының әскери губернаторына жазған хатында: «Қазақстанға қолданбалы практикалық білімсіз жалпы түрде ғылыми білім беру олардың экономикалық тұрмысына ешқандай пайда әкелмеуі, әкелген күннің өзінде өте аз әкелуі мүмкін», -дей отырып ауыл шаруашылығы мектептерін ашу, қазақтарға реалды училищелерде толық білім алу қажеттілігін атап көрсетеді [6. – 63].

Бірақ патша үкіметінің әкімшілік орындары бұл ұсынысты назардан тыс қалдырып, Красноуфим реалды училищесінің жанындағы орыс-башқұрт ауыл шаруашылық мектептерімен ғана шектеліп, Батыс Қазақстанда ауыл шаруашылығы училищесін ашуын тоқтата тұрды. Красноуфим училищесінде қазақ балалары үшін 10 стипендия бөлінеді. 1888 жылы онда 12 қазақ баласы Абенов, Құсайынов, Дүсенов, Омаров, Хасенов т.б. оқыды. Бұл училищенің түлектерінің әрі қарай білімдерін толықтыруға деген талабын патша әкімшілік орындары үнемі қолдап отырмады. Мысалы, осы училищенің түлектері Асылқожа Құрманбаев, Төлебай Сарыбатыров Торғай облысының әскери губернаторынан өздерін Петров егіншілік академиясына немесе Ново-Александровск егіншілік институтына жіберді сұрап өтініш білдіреді. Олардың оқуға деген ниетін қолдай отырып, Красноуфим училищесінің директоры И.А.Соно 1889 жылы Халыққа білім беру министрілігіне хат жолдап, онда: «Быттырғы оқу жылында курсты аяқтаған төртеуінің ішінде Құрманбаевтың ерекше қасиеті мен жоғарғы оқу орнының курсын игеруге теориялық даярлығы болғандықтан, оны Петров академиясының студенті ретінде қабылдауға өтініш жасауды өзімнің адамгершілік борышым деп есептеймін» деп жазады [7].

Бірақ бұл сұранысқа да көңіл аударылмай қалып қояды. Осындай патша әкімшілігі орындарының қазақ балаларының білімін жалғастыруға деген ынтасын қолдамауы оның бұратана халыққа қарсы саясатына байланысты еді. Патша әкімшілік орындарының мақсаты қазақ балаларының білімін шектеу, елдің саяси өміріне оларды алмастырмау болды. Бірақта экономиканың дамуына байланысты өмір талабы өз арнасымен жүріп, қазақ даласына ауыл шаруашылық мамандарына деген қажеттіліктің өсуі патша әкімшілігі орындары мен білім беру министірлігін төменгі ауыл шаруашылық мектептерін ашуға мәжбүр етті.

1900 жылдан бастап ашыла бастаған төменгі ауыл шаруашылық мектептеріне 13-15 жас аралығындағы 1 класты училищені бітірген ұл балалар қабылданды. Оқу мерзімі 3 жыл болды. Сондай-ақ ауыл шаруашылығы мектептері жанынан даярлық бөлідері ашылып, оған сауатсыз қазақ және орыс балалары алынды. Ауыл шаруашылығы мектептері 2 класты училище көлемінде жалпы білім беріп, ауыл шаруашылығы және мал шаруашылығы бойынша қажетті білімдерді берді. Осыдан басқа оқушылар ауыл шаруашылығы машиналарын жинақтап, жөндеп, кәсіпшілік ұсталық қолөнері арқылы практикалық білім жинады. Оқу жылы 115-118 күн болды, сабақ қарашада басталып наурыздың аяғында бітті де, сәуірден бастап практикалық сабақтар жүрді. Ауыл шаруашылығы мектептерінің Уставы бойынша оқушылар қандай болмасын ауыл шаруашылығы немесе дала жұмыстарына, яғни далада, фермада, шеберханадағы жұмыстарға үйренуші-жұмысшы ретінде қатысуы керек болды. Сондықтан да барлық мектептердің кең ауыл шаруашылық кәсіптері, мал шаруашылығының фермалары, шеберханалары болды. Сонымен қатар XIX ғ. аяғы – XX ғ. басында экономикалық дамуға байланысты Торғай, Орал облыстарының, Ішкі Орданың, Маңғышлақ түбегінің табиғат климат жағдайларын зерттей келе орыс ғалымдары бұл аймақтарда егіншілік пен мал шаруашылығы ғылыми негізде жүргізу мүмкіндіктерін дамытуға шешім қабылдайды. Осыған байланысты қазақтардың жердің пайдалануын зерттеу экспедициясына қатысушы Е.П.Добровольский, Н.Дмитриев, А.Г.Бутковский, Г.Н.Шапошников т.б. Батыс Қазақстанға ғылыми агрономия жетістіктерін енгізуді жақтады.

Ауыл шаруашылығының тұңғыш ғылыми орталығы Орал облысының Темір тәжірибе даласы болды. Оны 1907 жылы агроном С.К.Чаянов ұйымдастырған. Онда 130 түрлі ауыл шаруашылық дақылдары өсірілді. XX ғасырдың басында мұндай тәжірибе далалары Орал облысының ауыл шаруашылық мектебі жанындағы кәсіптерде де болды. Мысалы, 1910 жылы Орал облысындағы ауыл шаруашылық мектебінде 1738,36 десятина жері болған, оның 1402 десятинасы жырtpалы жерлер, 125,76 десятинасы-басқа дақылдарға, 12 десят-усадьбаға, 20 десятинасы-арендаға берілген, ал 179 ондық жер жарамсыз болған. Осы ауыл шаруашылығы мектебіндегі фермалардағы малдың, қолданылған құрал-жабдықтардың жылдар бойына алғанда қаншалықты болғанын 1-кестеден көруге болады.

Кесте 1 – төменгі ауылшаруашылық мектебінде пайдаланылған құрал-жабдықтармен мал саны

№	Атаулар	1910	1913	1914	1915
1	Соқа	6	6	10	10
2	Тырма	30	23	23	23
3	Шөп машина	4	2	2	2
4	Аттырма	2	3	2	1
5	Тұқым себетін машина	5	7	6	6
6	Культиватор	2	3	2	2
7	Жылқы	37	49	50	46
8	Сыыр бұзауымен	30	60	67	58
9	Түйе	2	9	12	10
10	Қой	470	610	658	705
11	Шошқа	52	35	32	52

12	Өгіз	62	43	45	43
Ескерту: [8] әдебиеттен алынған мәліметтерден салыстырмалы түрде автормен құрастырылған					

Ал 1910-1915 жылға дейінгі Орал облысы бойынша шолуларды алып қарасақ осы жылдары Орал ауыл шаруашылық училищесінде оқыған оқушылардың саны төмендегідей болды.

Кесте 2 – Орал ауыл шаруашылық училищесіндегі оқушылар құрамы мен саны

Құрамы	1910	1913	1914	1915
Әскери сословие баласы	58	78	80	88
Басқа қалалықтар	5	5	2	4
Қырғыздар	27	19	16	16
Барлығы:	90	102	98	108
Ескерту: [8] әдебиеттен алынған мәліметтерден салыстырмалы түрде автормен құрастырылған				

Бұл кезеңдегі осы ауылшаруашылығы училищесін ұстау үшін бөлінетін арнайы қаржыны өндірілген өнімнің артығын сатудан түскен пайда толықтырып отырады. Мысалы, 1910 жылы Орал ауылшаруашылық училищесі мынадай кірістер алған: қой шаруашылығынан: 12 қой мен 29 қозыны сатудан – 3657 сом ақша, шошқа шаруашылығынан - 331 сом, сүт фермасынан – 2066 сом, яғни 25 шелек сүт пен 34 литр қаймақ сатқаннан; бақша өнімдерінен 1296 сом, артық мал сатудан – 1844 сом, барлығы – 9196 сом болған [7. – 82].

Дегенмен ауылшаруашылық мектептерінде орын алған қиыншылықтар да болды, оның бастысы ауыл шаруашылығы пәндері бойынша сабақ беретін оқытушылардың жетіспеуі болды. Арнайы даярлығы бар оқытушылардың болмауынан оқушылардың білім дәрежесі төмен болды. Сондықтан да бұл ауылшаруашылық мектебі қазан төңкерісіне дейінгі Орал облысының экономикасының алға қарай дамып, алдыңғы қатарлы технологияны толық пайдалануына ықпал жасай алмады. Оған оқушылардың білім деңгейін көтеруге бөлінген қаржы да сәйкес келмеді. Осыған қарамастан бұл мектеп өлкеде кәсіптік бағдар беруде объективті роль атқарды. Қазақстан бойынша, соның ішінде Орал облысындағы кәсіптік бағдар беретін оқу орындарының бірі – педагогикалық оқу орындары болды. Қандай да болмасын мектептерге оқытушылардың қажеттігі үнемі орын алған мәселе болды. Орал облысының өзінде жоғары оқу орны болмағандықтан қазақтардың кейбірі басқа қалаларға барып оқыды. Мысалы, 1880 жылы Қазан университетінде 2 қазақ оқыса, 1890 жылы Томск университетінің курсына Айбакин, осы жылы осы университетке дала генерал-губернаторының кеңсесінің аудармашысы Сұлтанғазин оқуға түсіп оқыған.

Орал облысында Торғай облысына қарағанда орыс-қазақ училищелері аз ғана көлемде таралды. 1911 жылы онда 12 екiсiнiптi, 38 бiр сыныптi және 11 орыс-қазақ ауыл мектептерi болды. 1914 жылы мұндағы қазақ балаларының үлесi 1,6%, яғни 266 ер бала мен 27 қыз болды. Ал педагог кадрларды даярлайтын Орал аймағы түгiлi Қазақстанның өзiнде арнайы оқу орны болмаған едi. Тек 1871 жылы қазақ оқытушылар мектебiн құру жоспары жасалады. 1879 жылы желтоқсанның 11-күнi сол Крыжановский халық ағарту министрiне жолдаған хатында Орал, Торғай облыстарында сауаттылық дәрежесiн көтеру мәселесiн айта келе, қазақ мектептерi үшiн арнайы оқытушылар даярлайтын оқу орындарын ашуды қажет деп тапты, оны бiтiргендердi ауылдық старшын, болыстық iс жүргiзушi, тiптi молда қызметтерiне тағайындау ұсынылған едi. Тұңғыш қазақ мұғалiмдiк мектебi 1883 жылы 10 сәуiрде Орынбор губерниясының Орск қаласында ашылды. Оған Орал және Торғай облыстарының 22 қазақ баласы тәрбиеленушi болып қабылданады. Алғашқы түлектер 1886 жазда бiтiредi. Барлығы 10 түлек бiтiредi, бiрақ олардың барлығы Торғай облысынан болады. Орск мектебiнiң түлектерi кейiн мұғалiм болып жұмыс жасады. Бiрақ 1888 жылы болған өрттiң салдарынан мектеп ғимараты өртенiп кетедi де, мектеп 1889-1890 оқу

жылында Орынборға көшіріледі. Бұл мектепке алдын-ала сауатын ашып, 2 класты орыс-қазақ мектебін бітіріп келгендер қабылданған. Мектепті бітірушілер Орынбор оқу округына қарасты қырғыз (қазақ) мектептеріне оқытушылыққа жіберіліп отырған. Бірақ министрлік бір жағынан, біртұтас әлеуметтік және ұлттық құрамдағы мектептердің болуынан, екінші жағынан «қарапайым тектен» шыққандардың басымдық алуының саяси салдарынан қауіптеніп, 1892 жылы 25 сәуірде 1 қыркүйектен бастап Орынбор мектебіне 50% дейін орыс балаларын қабылдау шартын енгізеді. Осылайша үкімет қазақ жастарының мектепке келуін қысқартады. 1892 жылдан қазақ балаларымен қатар қазақ әдет-ғұрпын, тілін білетін орыс балалар да қабылданады. Үкіметтің бұл шешімі жастарды бей-жай қалдырмайды. Ұлттық құрам туралы мәселені көтере отырып, тәрбиеленушілер өз талаптарына қол жеткізеді. 1896 жылы Орынбор мектебінің стипендиялық қоры Торғай қазақтарына 17 земстволық стипендия, 1897 жылы Орал облысының қазақтарының балаларына 10 стипендия бөледі. Педагогикалық білімге халықтан шыққан жастар көбірек ұмтылды.

Кейбір статистикалық мәліметтерге қараса оқушылардың әлеуметтік құрамы былайша көрініс алған:

1886 жылы, сұлтан балалары -9, қарапайым тектен шыққандар – 25 және басқа;

1887 ж. сұлтан балалары -7, қарапайым тектен шыққандар – 27 және басқа;

1889 ж. сұлтан балалары -8, қарапайым тектен шыққандар – 26 және басқа;

1890 ж. сұлтан балалары -6, қарапайым тектен шыққандар – 28 және басқа;

1891 ж. сұлтан балалары -3, қарапайым тектен шыққандар – 30 және басқа;

Бұл мәліметтен көретініміз, қарапайым тектен шыққандардың басымдық алғаны байқалады. 1896 жылы осы мектепті Елжан Оразов, Асылқожа Құрманбаев, Төлебай Сарыбатыров; 1897 жылы –Жанқожа Мергенов, Әйшім Орманов, Иван Шабанов, ал 1899 жылы Жолмурзин, Омаров, Қожанов тағы басқалары бітірген. Осылардың ішінен Мергенов Темір 2 класты болыстық орыс-қазақ мектебіне, Орманов Гурьев 2 класты училищесіне оқытушы ретінде жіберілген [9].

Жалпы ХХ ғасырдың басына дейін мұғалім кадрларды Орынбор оқытушылар семинариясы, Орал екікласты әйелдер епархиялық мұғалімдер мектебі, Орал әйелдер гимназиясы, Орал әскери реальдық ерлер училищесі, Орал оқытушылар семинариясы даярлаған. Орал оқытушылар семинариясы алғашқы 20 түлегін 1917 жылы шығарған, оның 18-орыс, 2-қазақ болды.

ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басында батыс аймақта мұғалім кадрлармен өлкені қамтамасыз ету мақсатында алғашқы мұғалімдер курсы ашыла бастайды. Гурьевте 4-кластық қалалық училище жанына екіжылдық педагогикалық курс (курс меңгерушісі К.Е.Филатов), Електе 2-кластық орыс-қырғыз училищесі жанынан екіжылдық педагогикалық курс (меңгерушісі В.И.Иванов), Оралда 4-кластық қалалық училище (құрметті қадағалаушысы көпес А.М.Лукашев) ашылады. Бұл аз ғана санды оқу орындарында қазақ балаларының саны өте аз болды. Училищенің басты контингентін бай емес көпестер мен қолөнершілер балалары құрады, олар да аяқталған білім беруге соншалықты құлшыныс білдірмеді. Оқытудың, орыс тілін бекітудің жаңаша тәсілдерімен танысқан. Сол кезеңдегі Орынбор оқу өңірінің қызметкерлерінің бірі Миронов №61 нұсқаулықпен Орал облысында ағарту жұмысын ұйымдастыру туралы: «Инспекция мектептеріне арнап тәжірибелі оқытушыларды даярлау мақсатында а) Орал облысында оқытушылар семинариясын ашу керек; б) Қырғыз қыздарына әйелдер гимназиясында білім алуға мүмкіндік беру керек» деген ұсыныс жасайды [10]. Осы ұсыныс негізінде Оқу министрлігі 1900 жылы педагогикалық кластар ашу жөнінде Ереже, 1907 жылы 29 маусымда министрлік педагогикалық кластар туралы жаңа Ереже шығарады. Жаңа Ереже бойынша оқу мерзімі 2 жыл болды. Оқу бағдарламасы бойынша құдай заңы, орыс тілі, арифметика, геометрия, жаратылыстану, орыс тарихы, педагогика, таза жазу мен орыс тілінің әдістемесі пәндері оқытылған.

Оралда оқытушылар семинариясы 1913 жылы ашылады. Ондағы оқу мерзімі бұл кезеңде – 4 жыл болып табылды. Семинарияның 3 негізгі класы және 1-даярлық класы болған. Семинарияның оқу үйі жалға алынған үйде орналасқан. Орал оқытушылар семинариясындағы әр жылдардағы оқытушылар мен оқушылар санын төмендегі кестеден көруге болады:

Кесте 3 – Орал оқытушылар семинариясы

Жылдар	Оқытушылар саны	оқушылар			
		Жалпы саны	Әскери сословие өкілдері	Басқа қалалықтар	қазақтар
1913	5	23	6	15	2
1914	7	46	9	31	6
1915	8	67	19	39	9
Ескерту: [11] әдебиеттен алынған					

Кесте 4 – Орал оқытушылар семинариясында оқыған оқушылардың әлеуметтік тегіне қарағанда ол төмендегідей сипатта болды:

Жылдар	қазақтар	шаруалар	казактар	мещандар	дін басы	көпес
1913	2	7	6	4	4	-
1914	6	17	9	10	3	1
1915	9	23	16	15	3	1
Ескерту: [11. – 19] әдебиеттен алынған						

1916 жылы 4 оқытушылар семинариясының барлығында 25 қазақ оқыған. Төңкеріске дейінгі Орал облысындағы мектептерді оқыту мамандармен қамтамасыз еткен бірде-бір оқу орындары Орынбор қазақ оқытушылар мектебі мен Орал оқытушылар семинариясы болып табылды.

1920 жылы Орынбордың Қазақ Кеңестік республикасының астанасы болуына орай білім беру басқарамасының органдары, барлық саяси, қаржылық және шаруашылық органдар осында шоғырланды. Осыған сай Орынбор Қазақстанның педагогикалық кадрларын даярлау мен қайта даярлаудың негізгі орны болды. 1919 жылы оқытушылар институты базасында құрылған халыққа білім берудің Орынбор институты Қазақстандағы алғашқы жоғарғы оқу орны болып табылды. Орынбордағы реальды училище базасында Қазақстаннан келген тыңдаушылар үшін И.В.Сталин атындағы рабфак ашылады.

Орал оқытушылар семинариясының базасында 1919 жылы үшжылдық педагогикалық курстар ашылады. 1921 жылы бұл курстар педтехникумдар болып қайта құрылады. Соның бірі Фурман педагогикалық техникумы болды. Педтехникумның алғашқы басшысы оқытушылар семинариясының директоры болған П.А.Катанов болады. 1924 жылы РСФСР халық комиссариатының нұсқауымен қазақ жастары үшін даярлық топтары ашылады. Осы педтехникумды бітіргендерге келсек 1918 ж.- 19, 1919 ж.-14, 1921ж.-7, 1922 ж.- 6, 1923 ж.- 9 адам бітірген. 1922 жылы педтехникумда барлығы – 96 оқушы, оның 38 –і ер, 58-і әйел адамдар болған. Ал 1924 жылы оның құрамында 19-қазақ, 124-орыс, 8-татар, 11-басқа ұлт өкілдері, барлығы-162 білім алушы, оның 74-ер, 88-әйел адам болған. 1918-24 жж. аралығында бітірген 64 түлектің 37-сі мамандық бойынша жұмыс жасаса, 11-і жоғарғы оқу орнына оқуға түскен, қалғаны әртүрлі қызметке орналасқан [12].

Тұтастай алғанда ғасырлар тоғысындағы Орал өңіріндегі кәсіптік бағдар беру бағытында ашылған оқу орындары кейбір объективті және субъективті кемшіліктердің орын алғанына қарамастан кәсіби білім берудің негізін қалаған алғашқы қарылғаштар болды деп айтуға болады.

Қорытынды.

Сонымен Орал өңіріндегі кәсіптік білім беру ісі ауылшаруашылық мектептері мен оқытушылар семинариясы түрінде дамығанын көруге болады. Қарастырылып отырған кезеңдегі кәсіптік білім беру ісінің дамуы толықтай патшалы орыс империясының ықпалымен, оның орыстандыру саясатының шеңберінде жүргізілгенін байқаймыз. Дегенмен бұл істің прогрессивті жағын да теріске шығаруға болмайды. Ең алдымен бұл өлкенің халқының кәсіби сауаттылығын ашуға, алдыңғы қатарлы білім мен ой жетістіктерімен танысуға, саяси сананың оянуына мүмкіндік берді. Екінші жағынан, кәсіптік білім беру мекемелері мен оқу орындарындағы оқытудың негізінен орыс тілінде жүргізілуі қазақ балаларының жоғары деңгейде білім алуға қатысуына тілдік кедергі жасады және қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі ерекшелігіне нұқсан келтірді. Осындай кері әсерлердің орын алғанына қарамастан кәсіптік білім беру ошақтарының ашылуы өлкеде кәсіби білімнің, алғашқы ғылыми-техникалық, педагогикалық, ауылшаруашылық ілімдерінің негізінің қалануына ықпал етті.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1 Храпченко Г.М. Научно-педагогические вопросы народного образования в Казахстане. — Алма-Ата. — 1976. — 144 с.
- 2 Мионов П.М. Очерк о русско-киргизских школах Уральской области. Журнал Министерства Народного Просвещения. — №8. — 1910. — С.181-185
- 3 Оренбургский Областной Государственный архив (Российская Федерация). - Ф.734.-Оп.1.-Д.10.-Л.16, 27.
- 4 Исторический очерк народного образования в Оренбургском учебном округе за первое 25-летие его существования. 1875-1899 гг. Вып. I. — Оренбург. — 1901. — 168 с.
- 5 ҚР Орталық Мемлекеттік мұрағаты (ҚРОММ). Қ-700, т-1, 5-іс. 74-82 пп.
- 6 Тажибаев Т. Просвещение и школы Казахстана во II половине XIX в. — Алма-Ата. — 507 с.
- 7 Жұрасова А.Ш. XIX ғасырдың соңғы ширегі мен XX ғасырдың бірінші ширегіндегі Батыс Қазақстанның рухани ахуалы. — Алматы: TechSmith. — 2023. — 144 б.
- 8 Обзор по Уральской области за 1910, 1913, 1914, 1915 гг. — 48 с.
- 9 ҚР Орталық Мемлекеттік мұрағаты (ҚРОММ). Қ-95. т-2, 116-іс. п.4
- 10 Русско-инородческие школы системы И.И.Ильминского. Журнал министерства народного просвещения. — №2. — 1908. — С. 183-187
- 11 Оренбургский Областной Государственный архив (Российская Федерация). Ф.12. Оп.8. Д.13. Л.17-19.
- 12 Оренбургский Областной Государственный архив(Российская Федерация). Ф.12. Оп.6. Д.12979. Л.13
- 13 Сембаев А.И. История советской школы в Казахстане/Науч.-исслед. Ин-т пед.наук М-ва просвещения КазССР. — Алма-Ата: Казучпедгиз. — 1962. — 367 с.
- 14 Сыдыков А.С. Педагогические идеи и просветительная деятельность И.Алтынсарина: монография//НИИ шк.М-ва просвещения КазССР; Под ред Е.Бекмаханова. Алма-Ата: Учпедгиз. — 1949. — 194 с.

**ИЗ ИСТОРИИ СТАНОВЛЕНИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ
В УРАЛЬСКОЙ ОБЛАСТИ (вторая половина XIX-начало XX в.)****Аннотация.**

Профессиональное образование является социальным институтом, удовлетворяющим важные общественные потребности. Рост промышленности в конце XIX-начале XX вв. требовал специалистов, овладевших теоретическими знаниями и практическими профессиональными навыками. В данной статье рассматриваются вопросы становления профессионального образования в Уральской области в период до Октябрьской революции. Основное внимание в работе уделяется вопросам становления и развития системы профессионального образования в период с 1860 по 1915 годы. Освещается деятельность первых организаций профессионального образования: реальных, ремесленных, начальных сельскохозяйственных училищ, учительских семинарий. Данный период стал временем закладывания основ профессионального образования в приграничном с царской Россией регионе, в соответствии с процессом развития, характерным для

экономической и общественной жизни. В статье рассматривается история открытия учебных заведений, ориентированных на получение первичного профессионального образования, общие правила и принципы их работы, оценивается уровень исследовательских работ по проблеме.

Целью статьи является изучение процесса зарождения первичного профессионального образования в Уральской области, являющейся сопредельной зоной Казахстана с Россией в период зависимости от Российской империи, рассмотрение предпосылок и условий развития профессионального образования на рубеже веков, его эффективных и неэффективных аспектов.

Ключевые слова: Профессиональное образование, реальное училище, гимназия, ремесло, мастерская, семинария.

FROM THE HISTORY OF THE FORMATION OF VOCATIONAL EDUCATION IN THE URAL REGION (the second half of the XIX-early XX century)

Abstract.

Vocational education is a social institution that meets important social needs. The growth of industry in the late XIX - early XX centuries required specialists who mastered theoretical knowledge and practical professional skills. This article examines the issues of the formation of vocational education in the Ural region in the period before the October Revolution. The main focus of the work is on the formation and development of the vocational education system in the period from 1860 to 1915. The article highlights the activities of the first professional education organizations: real, craft, primary agricultural schools, teachers' seminaries. This period was the time of laying the foundations of vocational education in the region bordering on tsarist Russia, in accordance with the development process characteristic of economic and social life. The article examines the history of the opening of educational institutions focused on primary vocational education, the general rules and principles of their work, and assesses the level of research on the problem.

The purpose of the article is to study the process of the origin of primary vocational education in the Ural region, which is a contiguous zone of Kazakhstan with Russia during the period of dependence on the Russian Empire, to consider the prerequisites and conditions for the development of vocational education at the turn of the century, its effective and ineffective aspects.

Key words: Vocational education, real school, gymnasium, handicraft, workshop, seminary.

REFERENCES

- 1 Hrapchenkov G.M. Nauchno-pedagogicheskie voprosy narodnogo obrazovaniya v Kazahstane [Scientific and pedagogical issues of public education in Kazakhstan]. Alma-Ata. 1976.144p. [in Russian].
- 2 Mironov P.M. Oчерк о русско-киргизских школах Урал'ской области [An essay on Russian-Kyrgyz schools in the Ural region]. Zhurnal Ministerstva Narodnogo Prosveshcheniya. №8. 1910 .Ch.28. P.181-185. [in Russian].
- 3 Orenburgskij Oblastnoj Gosudarstvennyj arhiv. (Rossiiskaya Federatsiya) [State Archive of the Orenburg Region (Russian Federation)]. F.734. Op.1. D.10. P.16,27. [in Russian].
- 4 Istoricheskij очерк narodnogo obrazovaniya v Orenburgskom uchebnom okruge za pervoe 25-letie ego sushchestvovanie. 1875-1899 gg. [Historical sketch of public education in the Orenburg Educational District for the first 25th anniversary of its existence]. Vyp. I. Orenburg. 1901.168 p. [in Russian].
- 5 QR Ortalyq Memlekettik mұraǵaty. [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. Q.700. T.1. Is.5. P. 74-82. [in Russian]
- 6 Tazhibaev T. Prosveshhenie i shkoly Kazahstana vo II polovine XIX v. [Education and schools of Kazakhstan in the second half of the XIX century]. Alma-Ata. 1962. 507 p. [in Russian]
- 7 Jurasova A.Ş. XIX ǵasyrdyń sońǵy şireǵı men XX ǵasyrdyń bırıńşı şireǵindeǵı Batys Qazaqstannyń ruhani ahualy [The spiritual state of Western Kazakhstan in the last quarter of the XIX and the first quarter of the XX centuries]. Almaty: TechSmith. 2023. 144 p.[in Kazakh]
- 8 Obzor po Ural'skoj oblasti za 1910, 1913, 1914, 1915gg. [Overview of the Ural region]. 48p. [in Russian]
- 9 QR Ortalyq Memlekettik mұraǵaty (QROMM). [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. Q. 95. T.2. Is. 116. P.4. [in Russian]
- 10 Russko-inorodcheskie shkoly sistemy I.I.Il'minskogo Russko-inorodcheskie shkoly sistemy I.I.Il'minskogo [Russian-foreign schools of the I.I. Ilminsky system]. Zhurnal ministerstva narodnogo prosveshcheniya. №2. 1908. Ch. 13. P. 183-187. [in Russian]
- 11 OOGA - Orenburgskij Oblastnoj Gosudarstvennyj arhiv.(Rossiiskaya Federatsiya) [State Archive of the Orenburg Region (Russian Federation)]. F.12. Op.8.D.13.-P.17-19. [in Russian]
- 12 Orenburgskij Oblastnoj Gosudarstvennyj arhiv (Rossiiskaya Federatsiya) [State Archive of the Orenburg Region (Russian Federation)]. F.12. Op. 6. D. 12979. 13 p. [in Russian]

13 Sembaev A. I. Istorija sovetsoj shkoly v Kazahstane [*The history of the Soviet school in Kazakhstan*]. Alma-Ata. 1962. 367 p. [in Russian]

14 Sydykov A.S. Pedagogicheskie idei i prosvetitel'naja dejatel'nost' I.Altynsarina [*Pedagogical ideas and educational activities of I.Altynsarina*]. Alma-Ata. 1949. 194 p. [in Russian]

Information about authors:

Altynai Zhurasova - **corresponding author**, candidate of historical sciences, associate professor direction of educational programs social sciences, University of West Kazakhstan named after M.Utemisov, Uralsk, Republic of Kazakhstan

E-mail: azhurasova@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-7813-1199>

Информация об авторах:

Алтынай Жұрасова – **основной автор**, кандидат исторических наук, доцент по направлению образовательных программ социальные науки Западно-Казахстанского университета имени М.Утемисова, г.Уральск, Республика Казахстан

E-mail: azhurasova@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-7813-1199>

Авторлар туралы ақпарат:

Алтынай Жұрасова – **негізгі автор**, тарих ғылымдарының кандидаты, әлеуметтік ғылымдар білім беру бағдарламалары бағытының доценті, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: azhurasova@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-7813-1199>